



КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА ӘЛІПБИ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің ғылыми-әдіснамалық негізі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Шараға танымал ғалымдар, кәсіби тіл мамандары – лингвистер мен филологтар, ғылыми зерттеу институттары, Қазақстан халқы ассамблеясының ұлттық-мәдени орталықтары мен билік органдарының өкілдері, ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері қатысты.

КЕЛЕЛІ ЖИЫН

Кезекті ректорат мәжілісінде бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттердің индикативтік көрсеткіштері туралы хабарлама жасады.

Мұхамбетқали Мырзабайұлы өз хабарламасында 2017-2018 жылдың индикативтік жоспарына арнайы тоқталып өтті. Ол индикативтік жоспарды орындау барысында көшбасшылар қатарына іліккен факультеттерді атап көрсетіп, әлеуметтік, ғылыми-зерттеу және басқа да түрлі даму бағыттары бойынша жұмыстың тиімді де нақты жақтарын айтты.

Жалғасы 2-бетте

Мерейлі жас

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ұйымдастыруымен белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі және Жоғары мектеп Ғылым академиясының академигі Әбсаттар Дербісәлінің 70 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстанның шығыстану ғылымы және рухани жаңғыру мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Конференция жұмысына белгілі шығыстанушы ғалымдар, филологтар, тарихшылар, дипломаттар, мәдениеттанушылар, дінтанушылар, саясаттанушылар, мемлекеттік билік органдары, бизнес, сонымен қатар, Қазақстан мен шет елдердің қоғамдық ұйымдарының өкілдері қатысты.

Әбсаттар Дербісәлінің 70 жылдық мерейтойына келген Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек мерейтой иесіне Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың арнайы жолдаған құттықтау хатын оқып берді.

Елбасы құттықтауында: «Қазақстандықтар сізді көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз және дәстүрлі дініміздің халқымызға қайтып оралуына көп еңбек сіңірген қайраткер тұлға ретінде қадірлейді. Сіз халқымызға араб тілі мен әдебиетін танытып, насихаттау ісіне ерекше еңбек сіңірдіңіз. Елімізде Шығыстану институтының құрылуы мен осы салада білікті мамандардың өсіп жетілуі де, сіздің есіміңіз бен ұйымдастырушылық қызметіңізбен тікелей байланысты. Сондай үлкен ыждағаттылықпен жүргізген зерттеулеріңіз көптеген байырғы даңқты бабаларымыздың есімі мен олардың шығармаларының халқымызға танылуына сеп болды. Сіз көп жыл бойы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти лауазымын табысты атқарып, Ислам дінінің қоғамдағы алатын орнын, оның мемлекеттің дамуы мен тұтастығын және халқымыздың береке-бірлігін қамтамасыз етудегі маңызды рөлін жұртшылық тарапынан дұрыс түсінуіне қомақты үлесіңізді қостыңыз. Сіздің ғылымға сіңірген еңбегіңіз бен осы жолда тындырған жоталы істеріңізді кәсіби ғалымның және оның табанды ізденісінің озық үлгерімінің бірі деуге болады.

Жалғасы 5-бетте



Конференцияны ашқан ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында латын әліпбиіне көшу терең тарихи логикаға негізделгенін атап өтті. «Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты». Осылайша, жаңа жаһандану заманы жағдайында мемлекеттік тілдің әліпбиін өзгерту қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруының шешуші құралы әрі нақты тарихи қажеттілік болып табылады.

Шара барысында латын әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізуге байланысты жоба кенінен талқыланып, қазақ тілінің жаңа әліпбиіне қатысты өзекті мәселелер көтерілді. Қатысушылар латын әліпбиіне көшудің маңызды қырлары: дыбыс пен әріп арасындағы байланысты грамматологиялық бағытта талдауға, жаңадан жасалатын емшелердің сипатын анықтауға, әліпби мен жаңа емле-ережелерді оқыту мазмұнын саралауға ерекше көңіл бөлді.

«Айта кетерлігі, жаңа әліпбиге көшу қажеттілігі тіл, әлеуметтік өмір мен мәдениет, әсіресе, этникааралық және мәдениетаралық байланыстар саласында болып жатқан бүкіләлемдік үдерістермен анықталған. Бұл жауапты міндетте отандық ғылым майталмандарының бай тәжірибесіне және

латын әліпбиіне көшкен шет елдердің, ең алдымен, түркітілдес мемлекеттердің жүріп өткен жолына арқа сүйеуіміз керек», – деді ф.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының профессоры Валентин Ли.

Ел дамуының жаңа сапалы кезеңінде қазақ тілінің жаңғыруы жаһандық ақпараттық-коммуникациялық құралдарды тіл саясатында қолданудың әлемдік сұранысына толығымен сай келеді. Мысалы, әлемдегі өзекті ақпараттың 70 пайызынан астамы латын графикасында беріледі, ал әлемдік ІТ-сала техникалық шешімдер мен бағдарламалаудың басты құралдарын латындық форматта құруда.

Латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Бұл қазақ тілінің әлемдік өркениет кеңістігіне шығуына, жаңа геосаяси жағдайдағы оның қолданылу аясын кеңейтуге және ғылыми-техникалық прогрестің бел ортасына кіруіне жол ашады.

Конференцияға қатысушылар ұлттың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін латын әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізудің дер кезінде қолға алынғандығын, прогрессивтілігін және пайдасы мол екендігін өмірдің өзі дәлелдейтініне сенім білдірді және осы стратегиялық жобаның табысты жүзеге асуы үшін аянбайтындықтарын жеткізді.

Өз тілшімізден

БҮГІНГІ САНДА:

САЯСАТТАНУШЫЛАР
ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ
ӨТУДІ ҚОЛДАЙДЫ



3-бет

SMART UNIVERSITY,
SMART STUDENTS!



4-page

ЖАСТАР ТІЛ МЕРЕКЕСІН
ЕРЕКШЕ АТАП ӨТТІ



8-бет

ЭНЕРГИЯ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

В КазНУ им. аль-Фараби состоялась рабочая встреча с делегацией Европейской организации по ядерным исследованиям (CERN), где стороны обсудили планы и задачи дальнейшего сотрудничества.



Ранее делегация ученых КазНУ совершила визит в CERN и по итогам встречи была достигнута договоренность о прохождении практики магистрантов и докторантов PhD, об академическом обмене с университетами-партнерами ЦЕРН, выполнение выпускных магистерских работ на базе ЦЕРН.

Ректор КазНУ Галым Мутанов отметил, что университет обладает большим потенциалом для дальнейшего расширения направлений сотрудничества в области ядерной физики, астрофизики, ядерной медицины, энергетики, геологии. Не так давно молодые ученые университета прошли стажировку в научном Центре CERN, а студенты приняли участие в летней школе и освоили программу по ускорительной физике.

Советник директора по международным связям CERN Тадеуш Куртыка акцентировал внимание на необходимости установления тесного сотрудничества между Казахстаном и Европейской организацией по ядерным исследованиям (CERN) и стать ее членом. Этот шаг станет толчком для дальнейшего развития исследований в области физики высоких энергий и физики элементарных частиц. Также он отметил, что CERN заинтересован в совместной деятельности с университетом, так как КазНУ реализует программу трансформации университета в исследовательский вуз мирового уровня и проводит фундаментальные и прикладные исследования в области ядерной науки и техники.

В завершение стороны подписали Декларацию в целях плодотворной деятельности в образовательных, научных и технических областях. В рамках меморандума будут проводиться совместные фундаментальные и прикладные исследования

в области физики высоких энергий, ядерной и атомной физики, технических наук, информационных технологий и вычислительной техники. Ученые будут обмениваться опытом, участвовать с другими академическими и исследовательскими центрами Казахстана в общих образовательных и учебных программах, организации школ и семинаров для студентов-физиков, а также разрабатывать учебные программы для студентов-докторантов.

ПРЕСС-СЛУЖБА

■ ҚЫСҚА-НҰСҚА

№17 студенттер үйінде филология және әлем тілдері факультеті, шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы және «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубының ұйымдастыруымен Тілдер апталығы аясында «Ана тілге құрмет» атты әдеби-танымдық кеш өтті.

Кеш барысында клуб төрағасы, жас ақын Е.Дүйсенов бастаған жоғары курс ақындары жырдан шашу шашты. Факультеттің 1-курс студенттері де ана тілі тақырыбында өлең-жырларын оқыды. 3-курс студенттері Нұрила Мырзабек, Алма Кенжеқожаева студенттер арасында жүргізілген «Ана тілдің мерейін арттыру үшін мен не істей аламын?» атты жедел сауалнама қорытындысын хабарлап, талдап өтті. Кешке кафедра менгерушісі Д.Қарағойшиева, аға эдвайзер Э.Бектұровалар қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Л. МҰСАЛЫ,

«Көкжиек» клубының ғылыми жетекшісі

В КазНУ имени аль-Фараби состоялось знакомство первокурсников со студенческими организациями университета.

С основными направлениями своей работы студентов познакомили волонтерское движение «Көмек», Сенат студентов, научное студенческое общество, Высший студенческий совет, Профсоюз студентов «Сұңқар», Студенческое бюро по Болонскому процессу и молодежное крыло «Жас Отан».

Руководители студенческих организаций рассказали студентам об основных направлениях своей деятельности: защита и представление прав и интересов студентов, создание условий для развития чувства социальной ответственности молодежи, участие в решении актуальных проблем общества, сохранение и развитие демократических традиций студенчества, содействие органам управления в решении образовательных и научных задач, в организации образовательного и воспитательного процессов, а также досуга и быта студентов.

По окончании ярмарки первокурсников призвали с пользой провести свой досуг и пополнить ряды активистов КазНУ.

Пресс-служба

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бейіндік мектебінде Қазақстан халықтарының тілдері күні аясында ұстаздар мен оқушылардың ұйымдастыруымен мерекелік шара өтті.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында өскелең ұрпақтың, жастар алдына бірнеше тіл білу міндетін қойды. Осы орайда оқушылар өз шығармашылықтарынан үш тілде өлең оқып, ән айтып, бар өнерлерін ортаға салды. «Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі» деп білетін мектеп оқушыларының айтуынша, мемлекеттік тілді мадақтау — ұлттың тарихы мен мәдениетіне көрсетілген құрмет.

Бейіндік мектебі

■ РЕКТОРАТ

КЕЛЕЛІ ЖИЫН

Жалғасы. Басы 1-бетте

ШӘКІРТАҚЫЛАР ЛАЙЫҚТЫ ИЕЛЕРІН ТАПТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректорат мәжілісінде механика және математика факультетінің ғылыммен үздік шұғылданып жүрген жоғары курс студенттері мен магистранттарына Н.Т.Данаев атындағы шәкіртақы берілді.

Әрқайсы жүз мың теңгені құрайтын бес шәкіртақыны иемденгендер — «Есептеу техникасы және программалық қамтамасыз ету» мамандығының 4-курс студенттері Бекжан Досанов пен Нұрғали Қадырбек, «Информатика» мамандығының магистратура сатысында бірінші жыл оқып жатқан Мақсат Мұстафин, Ержан Кенжебек және Нұрислам Қасымбек сынды ізденгіш жастар.

Үшінші рет беріліп отырған шәкіртақының Н.Т. Данаев есімімен аталуы тегін емес.

Нарғозы Тұрсынбайұлы Данаев — Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Ұлттық және Халықаралық инженерлік академияларының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор. Ол әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі, университеттің Математика және механика ғылыми-зерттеу институтын екі мәрте басқарған және механика-математика факультетінің деканы қызметін де атқарған.

Есімі елімізге ғана емес, әлемге танымал ғалым артына өшпес мұра қалдырды. Академик Н.Т.Данаевтың қаламынан бүгінде зерттеушілердің игілігіне айналған 200-ге тарта ғылыми еңбек,

жеті монография мен төрт оқулық туындады. Жас ғалымдарды тәрбиелеуге өлшеусіз еңбек сіңірген ғалымның жетекшілігімен 20 кандидаттық, 8 докторлық және төрт PhD диссертация қорғалды. Аталған шәкіртақыларды тағайындаған ел ғылымының өркендеуіне көп күш-жігер жұмсаған, ғылым саласының көрнекті ұйымдастырушысы, ұлағатты ұстаз Н.Т.Данаевтың белгілі шәкірттері — техника ғылымдарының докторы, профессор Ахмед-Заки Дархан Жұмаханұлы, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Мансұрова Мадина Есімханқызы мен деканның ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыс жөніндегі орынбасары, PhD Иманқұлов Тимур Сәкенұлы.

Ғылыммен айналысатын талантты жастарға арналған Н.Т. Данаев атындағы шәкіртақы жыл сайын академик-ғалымның туған күніне орай дәстүрлі түрде тағайындалып отырады.

Ұрпақ сабақтастығы осылай жалғаса бермек.

Болат ӘБЕНОВ,

Ақпараттық жүйелер кафедрасының аға куратор эдвайзері



Айнұр АҚЫНБАЕВА

В КазНУ состоялась республиканская конференция «Научно-методическая основа единого стандарта государственного языка»

В КАЗНУ ОБСУДИЛИ РЕФОРМУ ПО МОДЕРНИЗАЦИИ УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА

В КазНУ им. аль-Фараби с участием председателя Верховного Суда Республики Казахстан Кайрата Мами состоялся круглый стол «Эффективность уголовного судопроизводства – приоритетное направление развития современной правоохранительной системы».



В работе круглого стола приняли участие заместитель руководителя Администрации Президента Талгат Донаков, Председатель Конституционного Совета Игорь Рогов, Генеральный прокурор Жакип Асанов, Председатель Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции Кайрат Кожамжаров, а также ученые-юристы, международные эксперты, адвокаты, сотрудники общественных и правозащитных организаций.

Приветствуя участников мероприятия, Кайрат Мами отметил, что за годы Независимости казахстанское судопроизводство постепенно отошло от советской модели уголовного процесса. С реализацией нового уголовно-процессуального закона и запланированных во исполнение Плана Нации мер сделаны реальные шаги по обеспечению действенной защищенности граждан и снижению репрессивности уголовного процесса.

«Вместе с тем процесс реформирования уголовно-процессуального кодекса (УПК) продолжается. Эта работа находится на особом контроле Главы государства. На сегодня определены основные приоритеты модернизации уголовного процесса и уже ведется работа над соответствующим законопроектом», – подчеркнул Председатель Верховного Суда.

Приветствуя гостей и участников круглого стола, ректор КазНУ Галым Мутанов отметил актуальность встречи для всего

казахстанского общества и подчеркнул, что уже проведены значительные реформы в сфере конституционного законодательства, в судебной системе, в области прокурорского надзора, которые дали свои первые положительные результаты.

«Важным фактором дальнейшего формирования правового государства является правовое сознание нашей молодежи, которое во многом формируется в стенах современных университетов. И КазНУ как флагман отечественного образования реализует целый ряд социальных проектов в сфере гражданско-правового воспитания студентов совместно с правоохранительными органами на основе социального партнерства», – сказал ректор КазНУ Галым Мутанов.

Вектором последующего развития отечественной уголовной юстиции обозначена ориентация на лучшие европейские модели и лучшую зарубежную практику. В ближайшем будущем серьезные изменения ожидаются

в институциональном построении органов досудебного следствия и дознания. В части усовершенствования института судебного контроля ожидается законодательное закрепление полномочий суда по санкционированию негласных следственных действий. К существенным новациям в контексте соблюдения прав человека отнесено сокращение до 48 часов срока задержания лица без санкции суда. Вводится новая сокращенная форма – приказное производство по уголовным проступкам. Это сделано с учетом успешного опыта Эстонии, Германии и ряда других стран. В рамках реформы также особое внимание уделяется повышению состязательности уголовного процесса.

В ходе работы круглого стола состоялся конструктивный обмен мнениями по предстоящей реформе.

ПРЕСС-СЛУЖБА

Тіл – тірегіміз!

Қай халықтың болмасын баға жетпес мұрасы – туған тілі. «Өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас» деп ұлы Абай сипаттаған, тағзым етіп, тәнті болған ана тілімізді сақтау, құрметтеу – парызымыз. Тілдің мерейі мен оның үстем болуы – сол елдің берекесі мен бірлігінде.

22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының Тілдер мерекесі күні. Ана тілге деген сүйіспеншілік пен өзге тілге деген сыйластықты арттыру мақсатында мерекеге орай университетте жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Тілдер апталығы басталды. Барлық факультет кафедраларында мерекелік іс-шаралар, конференциялар мен әдеби-сазды кештер өтуде.

Жыл сайын ұйымдастырылатын Тілдер фестивалінің мақсаты әрбір студент пен қызметкердің бойында патриоттық сезім, тәлім мен тәрбие, жалпы тілге деген құрметті арттыру болып табылады. Оның аясында университет қабырғасында туған тілімізді ұлықтаған көптеген шаралар жоспарланған.

Тіл – ұлттың жаны. Ұлттың болашағы – оның ана тілінің өміршеңдігімен тікелей байланысты. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлттына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады», – деген екен. Олай болса, тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен байлығы. Елбасы Н.Ә. Назарбаев халықтың болашағы туралы тереңнен толғай отырып, «мемлекеттің ең басты дүниесі тек ғана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деген болатын.

Университет ұжымын, студенттер мен қызметкерлерді тілдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ана тіліміздің айбыны асқақ болсын!

Тәрбие департаменті

«АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ БҰЛ»

Биология және биотехнология факультетінде биофизика және биомедицина кафедрасының оқытушылары мен студенттерінің ұйымдастыруымен Тілдер апталығы аясында поэзиялық кеш өтті.

Поэзиялық кешті факультет деканы, профессор Болатхан Заядан ашып, туған тілдің манызы мен мәнін тілге тиек етті. Өз кезегінде сөз алған биофизика және биомедицина кафедрасының менгерушісі, профессор Сұлтан Төлеуханов ана тілді жетік менгеру біздің басты мақсатымыз екенін негізге ала отырып, туған тілді құрметтеуге шақырды. Сонымен қатар іс-шараға кафедраның оқытушылары мен куратор эдвайзерлері: Н.Т. Торманов, Б.Е. Есжанов, Н.Т. Абылайханова, Г.А. Түсіпбекова, Ж. Әбдірасылова, Г.К. аға-эдвайзер Атанбаева қатысып, өз пікірлерін ортаға салды.

Шараның жоғары деңгейде өтуіне студенттер де үлес қосты. Мұхтар Әліпұлы мен Ерасыл Шәкен күмбірлетке күй шертіп, көпшіліктің құлақ құрышын қандырды. Мадина Жұмбаева, Диана Мамбеталы мен Алзира Қазақбаевалар арнау өлең оқыса, Камила Рабаева қазақ тілінің ең бай тіл екенін дәлелдейтін бірінғай «А» әрпінен басталатын шығарманы әңгімелеп берді. Динара Әнуарбекова мен Алтынай Муликова «Қазақ елі» туралы ән орындап, өнерлерін паш етті.

Факультет деңгейінде өткен әдеби-поэзиялық кеш ана тіліміздің шексіз бай, шұрайлы, тегеуріні мықты екенін дәріптеумен қатар, үш тілділікті дамытуға шақырды. Ана тіліміз тек биіктерден көрініп, өркендей берсін!

Балбөбек УРШЕЕВА,
биофизика және биомедицина кафедрасының
аға оқытушысы

САЯСАТТАНУШЫЛАР

латын әліпбиіне өтуді ҚОЛДАЙДЫ

Саясаттану және философия факультеті «Саясаттану» бөлімінің 3-курс студенттері Тілдер апталығы аясында «Қазақстандағы латын әліпбиін ендіру үдерісі» тақырыбында шара өткізді. Онда Қазақстанның латын әліпбиін ендіруінің саяси мәні мен маңызы талқыланып, жан-жақты сараланды.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласында көтеріліп, бүкіл елдің қолдауына ие болып отырған мәселенен саясаттанушылар қауымы шет қалмасы анық.

Елбасымыз көреген саясаткер ретінде латын әліпбиіне өтудің келешегі кемел екенін терең түсініп, баршамызға үлкен міндет жүктеп отыр. Қазіргі таңда әлемдегі ақпараттың басым бөлігі латын графикасын қолданады. Атап өтсек, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа, Австралия құрлықтары мен Океания аймағы толығымен дерлік, Африканың басым бөлігі, Азияның көптеген елдері латын әріптерін пайдаланады, сәйкесінше әлемдегі ақпараттың 80 пайыздан астамы латын әліпбиі негізінде жасалады. Интернет, компьютерлік бағдарлама жасау, ғылым-білім, техника, медицина, туризм сияқты салаларда да латын графикасының үлес салмағы басым. Латын әліпбиін қолдану – әлемдік ақпараттық кеңістікке



кірігуді жеңілдетеді, QWERTY пернетақтаны емін-еркін қолдануға, жана ақпараттық технологияларды менгеруге кең мүмкіндіктер берері сөзсіз.

Сонымен қатар, қазір әлемдегі 180 миллионға жуық түркі тілдес халықтардың 140 миллионы латын әліпбиін қолданатынын ескерсек, бұл түбі бір түркі тілдес халықтардың бірігуіне игі ықпал етеді. Қазіргі кезде жер бетінде тарыдай шашылып жүрген қазақтар да әр елде, әр түрлі әліпбиді қолдануда. Сондықтан, іс-шарада латын әліпбиін ендіру Қазақстандағы және

әлемдегі қазақтардың бірегейлігіне игі ықпал ететіндігі талданды. Бұлардың барлығы өз кезегінде мемлекеттік тілдің дамуын, қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын факторлар. Студенттер қызу пікірталасқа түсіп, өз ойларын еркін айтты. Жалпы, саясаттанушылар еліміздің латын әліпбиіне өтуін толық қолдайтындықтарын білдірді.

С.Ш. МҰСАТАЕВ,
с.ғ.д., саясаттану және саяси технологиялар
кафедрасының профессоры, топ кураторы

SMART UNIVERSITY, SMART STUDENTS!



Photo by Doszhan Balabekuly

Dear Student: You have made the right choice Thank you for choosing al-Farabi University! Al-Farabi University with a history dating back for 83 years is ranked the best university in Kazakhstan and it is in the 236th position according to QS World University Rankings.

You are beginning the most fascinating period of your life and we are delighted that you are starting

this happy journey with us. You are joining our big and friendly university community.

We are committed to providing you with not only a world-class education but also the best possible university experience outside our classrooms and laboratories. To-day you are taking the first steps towards your goal of studying at al-Farabi University and building a successful carrier. We will do our best

to help you to succeed and thrive!

They say that “student life is golden life,” because student life is the most important part of human life. It is the period of pure joy and happiness, because the mind of a student is free from cares and worries of a grown-up life. It is the time when students should try to make the most of their university experience. It is the time they should mainly focus

on acquiring comprehensive knowledge and skills needed to succeed in their future life and professional carrier. It means never missing classes, doing properly homeworks, getting ready for seminars and laboratory works, writing course papers, passing midterm and final exams and etc.

A.A. MULDAGALIYEVA

I am proud of my students!

As a rule on the first day of our studies, we, teachers of English, give our students an interesting homework- to write an essay on the topic “Smart University. Smart Students”. After reading all essays I felt very proud of my students of Faculty of Oriental Studies. As the proof I’d like to present some essay paragraphs.

Laura Nursultanova:
THE FUTURE BELONGS TO THOSE WHO BELIEVE IN THE BEAUTY OF THEIR DREAMS!

A person’s life consists of a multitude of choices, and the right choice is always ours. When you are 17 or 18 years old, you have to do the most important option, it is the choice of your future profession, and also it is the university where you are going to study. People are really different; everybody has their own tastes and temper. For example, I could not decide with the university for a long time, but I knew for sure that I would get an education in my country. After all, East or West, home is best.

Reflecting on my future profession, I asked myself, what kind of university will help me to realize my goals, make my dreams come true. My choice fell on the most prestigious and quality university, I have chosen, – KazNU.

Soon after passing successfully all the tests I entered the university! Self belief and hard work will always earn you success! I have won a grant - a happy ticket to the future, an excellent opportunity to realize my goal.

My motto for life is: “The future belongs to those who believe in the beauty of their dreams! ». I am, the person who will never surrender or retreat, because my source of inspiration and strength are my dreams. I am always ready

to take advantage of the chance given to me, so in this case to gain good knowledge and become an excellent specialist in the future!

I wish the university only prosperity and smart students!

Aruzhan Bakumbaikyzy:
THE UNIVERSITY GIVES SO MANY CHANCES TO MAKE EVERY STUDENT’S DREAM COME TRUE

KazNU is the oldest classical university of our Republic. I had been dreaming to be KazNU’s student for 2 years before I entered the university. I chose this university because of its great reputation and its high quality education.

Now I am studying the Korean language. I like Korean music, language, traditions and culture, so this is why I decided to become a student of the faculty of Oriental Studies.

Today KazNU is successfully cooperating with more than 300 largest universities of the world, including South Korea. I believe I will have a wonderful chance to visit Korea, because KazNU can provide me with such opportunity.

So I want to thank my parents, sister and KazNU for supporting me and my plans to attain my goals in the future!



Gauhar Otegen:
IN OUR COUNTRY KAZNU HAS ALWAYS ENJOYED A HIGH REPUTATION

Choosing the university is one of the most important moments in everyone’s life as well as choosing a profession. During high school I wondered which university will help me to realize my goals, make my dreams come true? I have decided to enter the most prestigious university in Kazakhstan - Al-Farabi Kazakh National University. In our country KazNU has always enjoyed a high reputation. It has a proud history of academic achievements and successes. My family respects and admires it greatly because KazNU graduates are competent specialists in their fields and can compete with graduates not only in Kazakhstan, but also abroad.

I was lucky! I have won a scholarship! It was one of the happiest moments not only for me, but also for my family.

Now I am studying in the Faculty of Oriental Studies. I have high expectations and I know I can reach them! In KazNU there are all conditions for obtaining high quality education. I am sure I will have an excellent opportunity to realize my ambitions since my future profession is related to foreign languages. I think I will not regret about my decision and with big hopes for the future I will do my best in order to achieve my goals.

Gulnur Bitis:
I AM CONFIDENT THAT I WILL BECOME ONE OF THE BEST STUDENTS!

After eleven years of school and passing UNT, I had to take a decision which university I will study at. I have already known my future profession, so that it was not a big deal to decide.

KazNU attracted me greatly with its long-standing culture, rich history and traditions.

On my first day at university I was greatly impressed by the friendly atmosphere, students’ eagerness to learn different languages and highly professional teachers.

I have well mastered three languages, Kazakh, Russian and English. My dream is to become a high professional Orientalist. I believe that I will be able to realize my dream studying at the university where there are the first-rate scholars, excellent students, genuine academic environment and great achievements. Being a member of the university, I will actively take part in all activities to enrich my student life. I am confident that I will become one of the best students!

Aigerim Kuralova,
High School of Economics and Business

THAT’S YOUR DESTINY!

Do you know that there are no accidental coincidences? That you are here with thousands of students is not a happenstance! That’s your destiny! If you are reading it and you’re a student of Al-Farabi Kazakh National University, my congratulations! You may be sure, you are one of the smartest persons! Only the best school graduates with good grades can become the students of al-Farabi University.

Everyone who has been here unwittingly wants to remain a student for their entire life, because in KazNU you are craving for knowledge and completely absorbed by a busy student life. I’m studying there less than a month and yes, I’m a first-year-student, however, from the first days I saw such intelligent teachers with rich life experience and attainments, that I already began to admire and imitate them.

So all of you can’t deny that KazNU is prestige, it’s an elite, a road which leads to an intellectual society.

Gulnur ALMABAYEVA,
senior teacher of Foreign Language Department

Prepared by A.A. MULDAGALIYEVA



Славу, признание и престиж химического факультета создавали известные ученые, элита химической науки и образования республики, которые были нашими учителями и наставниками (многих поколений химиков). Это была пора великих педагогов, взрастивших и воспитавших не одно поколение достойных учеников, которые успешно продолжают дело своих учителей, которые подняли на еще более высокий уровень химический факультет, химическое образование и науку. Одним из таких достойных последователей когорты ученых является наш коллега, доктор химических наук, профессор Камысбаев Дуйсек Хайсағалиевич.

Педагог, ученый, человек



«Координационные соединения некоторых переходных металлов с унитиолом».

В период 1986-1992 гг. Д.Х. Камысбаев работал доцентом кафедры физической химии и электрохимии КазГУ. В 1992 г. был приглашен ректором ВКГУ (г.Усть-Каменогорск) на должность проректора по научной работе и международным связям. Возглавляя одно из важнейших направлений университетской деятельности, он сумел организовать эффективную деятельность курируемых им подразделений. В 2002 г. Д.Х. Камысбаев возглавил кафедру физической химии и электрохимии КазНУ им. аль-Фараби. С 2003 по 2004 гг. работал первым проректором Алматинского технологического университета. С 2004 г. по 2009 г. работал профессором кафедры физической химии и электрохимии КазНУ им. аль-Фараби и по совместительству зам. директора ЦФХМА. С 2009 г. по 2013 г. заведовал кафедрой аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов, в настоящее время является профессором кафедры.

Результаты научных исследований ученого явились основанием для постоянного участия в конкурсе на государственное финансирование науки и получения грантов по актуальным проблемам химии и химической технологии. Руководил научными проектами: «Разработка основ создания композиционных материалов с использованием электрохимических реакций» (2009-2011 гг.); «Разработка и реализация технологии электрохимического формирования фрактальных наноструктур и материалов для усовершенствования производственных процессов» (2010-2012 гг.), «Разработка качественных и количественных показателей по совершенствованию системы управления стойкими органическими загрязнениями в Республике Казахстан» (2011 г.).

Профессор Камысбаев Д.Х. сочетает научно-исследовательскую работу с педагогической и общественной деятельностью, читает лекции по базовым и элективным курсам, им изданы учебно-методические и учебные пособия, учебник для университетов «Физикалык химия» (в соавторстве) и учебное пособие «Понятийный аппарат физической химии», им опубликовано более 200 научных и методических трудов, под его руководством подготовлено 8 кандидатов химических наук и 2 доктора Ph.D.

В течение ряда лет является членом диссертационного совета по защите докторских диссертаций. Д.Х. Камысбаев является академиком Международной академии акмеологических наук и членом-корреспондентом Академии наук Высшей школы РК.

Труд энергичного педагога, талантливого и инициативного ученого, мудрого наставника молодежи оценен по достоинству — он награжден нагрудным знаком Министерства образования и науки РК «За вклад в развитие науки РК».

Хороший человек, профессионал, на своем месте не заменим. Его любят студенты, уважают коллеги, ценят в научных кругах. Прекрасный лектор, доскональный знаток своего дела, все лучшие черты характера: жизненный оптимизм, любовь к студентам, скромный, трудолюбивый, высокоэрудированный, уважительное и внимательное отношение к коллегам. Является эталоном порядочности и интеллигентности в студенческой и академической среде.

Преподаватели кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов
А.М. Шалдыбаева, А.А. Мусабекова, Х.С. Тасибеков, Л.К. Кудреева

деятельность с активной методической работой, он внедрял новые методы преподавания технологических дисциплин; разработал новые курсы, востребованные временем, тем самым поднимая уровень подготовки специалистов-технологов.

Область научных интересов Д.Х. Камысбаева определилась в годы аспирантуры и докторантуры — это физическая химия, химия координационных соединений, термодинамика растворов. Изучая координационные соединения р-элементов (Sb (III, V) с органическими лигандами, он установил закономерности и строение этих соединений; им установлен ряд закономерностей процессов комплексообразования переходных металлов с унитиолом. Определение термодинамических характеристик позволило установить ряд закономерностей этих процессов. В 1992 г. под руководством Х.К. Оспанова он успешно защитил докторскую диссертацию на тему

Профессор Камысбаев Дуйсек Хайсағалиевич родился 25 августа 1947 года в селе Бектобе Жамбылской области. После окончания средней школы №3 имени Н.К. Крупской г. Джамбула поступил на химический факультет КазГУ им.С.М. Кирова, который окончил с отличием и был принят в аспирантуру по рекомендации величайшего химика академика Усановича М.И. и декана факультета профессора Беремжанова Б.А. Кандидатскую диссертацию он выполнил в Институте химической физики АН СССР (г.Москва), которую защитил в 1978 г. на тему «Коррдинационные соединения Sb (III) и Sb(V) с некоторыми органическими лигандами» по специальности «02.00.04 —Физическая химия». С 1974 года по 1979 год Д.Х. Камысбаев прошел путь от инженера, старшего инженера, младшего научного сотрудника лаборатории физической химии ИХН АН КазССР до заведующего кафедрой физической и коллоидной химии Казахского химико-технологического института (1979-1984 гг.), куда был приглашен ректором этого вуза З.Н. Мулдахметовым. Совмещая педагогическую

Жалғасы. Басы 1-бетте

Мерейлі жас

Жемісті еңбегіңіздің әр жылдары Отанымыздың және шет елдердің жоғары наградаларымен аталып өтуі де осы ойымыздың жарқын дәлелі. Деніңіз сау, отбасыңыз аман-есен болып, ғылымдағы соқпағыңыз алыстарға бастай берсін. Ұзақ та бақытты ғұмыр тілеймін! 70 жас мерейтойыңыз құтты болсын!» — деп ақ тілек білдірген.

Қала әкімі Бауыржан Байбек ұлағатты ғалымға дәстүр бойынша қазақы шапан жауып, мерейтойлық Алғыс хатты табыстады.

Шара барысында ҚазҰУ ректоры Ф.Мұтанов сөз алып, ғалымның өмір жолы, қызметіне тоқталып, университет ұжымы мен студенттері атынан құттықтауын білдірді.

Қазіргі шығыстану — тұтас Шығысты және оның жеке аймақтарын зерделейтін ғылымдар кешені. Оған филология, тарих, философия, мәдениеттану, археология, саяси, экономикалық, сонымен қатар, ауқымы неғұрлым кең қосалқы пәндер деп аталатын басқа да ғылымдар кіреді.



Қазіргі шығыстану ғылымында біршама өзгерістер орын алды. Оң өзгерістер қатарына шығыстану зерттеулерінің ауқымының кенейіп кеткендігі, сондықтан, бүгінгі күні Шығысқа қатысты бірқатар тәсілдердің әдіснамалық осалдығын, сондай-ақ, Батыстағы Шығыстың бұрмаланған бейнесін түбегейлі өзгерту және Шығысқа қатысты идеологиялық батыс бейнесін ашуда шығыстану тарихы мен оның әдістеріне ғылыми баға беру қажеттілігі бар.

Бүгінде шығыстанудың міндетіне әртүрлі өркениеттер арасындағы диалогты қалыптастыруға арнап түсіріп, қазіргі әлемдегі бірқатар маңызды рухани, саяси және ұлттық проблемалардың әділ шешімін табуы кіріп отыр. Осыған байланысты конференцияда Қазақстан мен Орталық Азия тарихының деректемелері және тарихнамасы; Қазақстанның шығыстану

ғылымындағы шығыс филологиясының рөлі; Қазақстан мен Орталық Азияның ортағасырлық көрнекті ойшылдары мен тұлғалары: мәні мен маңызы; Қазақстандағы дін және қоғам: ынтымақ пен бірлік мәселелері, Қазақстанның рухани жаңғыруы және қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндері және т.б. мәселелер қарастырылды.

Шара соңында мемлекет және қоғам қайраткерлерінің 70 жылдық мерейтой иесіне арнайы жолданған хаттары оқылып, конференцияға қатысушылар ғалымға құрмет көрсетіп, сый-сияпаттарын табыстады.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия кафедрасының
1-курс PhD докторанты

Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайына – 25 жыл

Дүниежүзі қазақтарының басын қосқан тұңғыш құрылтайдың шақырылған кезінен бесінші құрылтайдың арасын уақыт өлшемімен санасақ, 25 жылдың жүзі болады екен. Төрткүл дүниеге шашыраған қандастарымыздың алғашқы құрылтайға жиналған кезінде олардың кіндік қаны тамған атамекені жайлы, ата-баба жеріне оралу туралы қуаныш пен күдікке толы ойлары мен V құрылтайдағы өзгерістерді салыстырып көрсек, өткен 25 жыл уақыт – бірнеше ғасырлық уақытқа тұратындай өзгерістерге ұйтқы болған мерзім екенін байқауға болады.



Тұңғыш құрылтайда әлемге тарыдай шашылған қандастарымыздың бас қосуы – қазақ елінің шынайы тәуелсіздікке қол жеткізуінің айқын көрінісі болды. Елбасы бастап, бүкіл халқымыз қолтап, бірлесіп қолға алған игі бастама көп мәселенің күрмеуін шешті.

Құрылтайда шетелдегі қазақтарға мәдени-рухани сала негізінде қолдау көрсетудің негізі бағыт-бағдары мен міндеттері айқындалып, қандастарымыздың елге келуіндегі көші-қон саясатында көптеген мәселелердің шешімін табуына септігін тигізді. Тұңғыш құрылтайда қазақ ұлтының өзекті мәселелерімен айналысатын Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Содан бергі уақытта еліміз ауыз толтырып айтатындай жетістіктерге жетіп, көш ілгері елдердің қатарына қосылды. Бүгінде мәдениеті көркейіп, экономикасы қарқынды даму жолына түскен қазақ елі әлемнің дамыған мемлекеттерімен бәсекеге түсуге бет алды. Тәуелсіз мемлекетіміздің алдында көптеген сан түрлі міндеттер тұр. Сол міндеттердің бастыларының бірі әлемнің 40-тан астам еліне шашырап кеткен қандастарымызбен байланыс орнату, оларға жан-жақты көмек көрсетіп, атажұртқа басын қосу болатын. Осындай шетелдегі қандастарымызбен бас қосып, өзекті мәселелерді шешетін әлем қазақтарының төрт құрылтайы болып өтті.

Әлем қазақтарының екінші құрылтайы 2002 жылы 23-24 қазанда болды. Құрылтайға әлемнің 33 елінен барлығы 470 адам келді. Дүниежүзінің түкпір-түкпірінен жиналған қазақтар күллі түркі әлемінің алтын бесігі, қасиетті Түркістан қаласында бас қосты. Екінші құрылтай Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің онжылдығымен қатар келді. Сондықтан еліміздің он жыл ішінде қол жеткізген табыстарын саралап-сараптауға арналды. Құрылтайда жалпы қазақ халқының алдағы уақыттағы әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани, оқу-білім саласында өсіп-өркендеуі жөніндегі маңызды мәселелер қозғалды.

Үшінші құрылтай 2005 жылы 29 қыркүйекте еліміздің жаңа ордасы Астанада өтті. Құрылтайға әлемнің 32 елінен 312 қандасымыз келді. Үшінші құрылтайдың ерекшелігі іскерлік бағытта өткізілді. Құрылтайда: мәдениет, оқу-білім, бұқаралық ақпарат құралдары және көші-қон мәселелерін қарастырған төрт секциялық мәжіліс өткізіліп, шетелдегі қазақтармен байланыс жасаудың өзекті мәселелері талқыланды. Шетелдегі қазақ диаспорасы мен елге оралған қандастарымыздың өзекті мәселелері жан-жақты айтылып, үш мәселеге: көші-қон, оқу-білім, мәдени-рухани және бұқаралық ақпарат құралдары мәселелеріне айрықша көңіл бөлінді. Елбасы құрылтайда жасаған баяндамасында шетелдердегі қазақ диаспорасы мен оралмандарға қолдау көрсетудің барлық тетіктерін айқындап, алда тұрған міндеттерді белгілеп берді. Ол міндеттердің маңыздысы көші-қонға қатысты, ондағы 20 жыл ішінде жасалынған игі істер мен жетістіктерге талдау жасап, қандастарымызды Отанға оралту жұмысын одан әрі жүйелеп, жетілдіре беру керектігіне тоқталды.

Ал 2011 жылы 25-27 мамырда Астанада өткен төртінші құрылтайға 35 шет мемлекеттерден 380 делегат, Қазақстанның әр аймағынан 300-ден астам адам қатысты. IV құрылтайдың делегаттарының 60%-ы жастар болды.

Құрылтайда қамқорлық жасаудың нақты жолдарын айқындау, көші-қон туралы заң жобасының қайта қаралуы, «Нұрлы көш» бағдарламасының 2-кезеңінің жобасын жоспарлап қолға алу, қандастардың Қазақстаннан жан-жақты хабар алып тұруына жағдай жасау, ұлттық өнерді кенінен тарату, шет елдерде кіші құрылтайлардың тұрақты өткізілуі және оған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының қолдау көрсетуі және т.б. келелі мәселелер қаралып, бүгінде шешімін табуда. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде: «Жастар – біздің болашағымыз. Біздің әлемдегі барша қазақ жастарының сапалы білім алуына

тиісті жағдай жасауымыз қажет... Сондықтан, мен әлемнің әр қиырындағы қазақ жастарын атамекенде оқуға және қазақ еліне қызмет етуге шақырамын», – деп атап көрсетті. Жаһандану заманында жаңа дәуірге қадам басқан қазақ елі білімді жас мамандарға аса зәру, сондықтан оларды құшақ жая қарсы алу керектігіне ден қойылды.

Ал биылғы жылдың 22-25 маусым күндері Астанада өткен әлем қазақтарының V құрылтайына 39 елден 350 адам, барлығы 750 делегат пен қонақ қатысты. Шетел қазақтарының Қазақстанмен байланыс жасаудағы мәселелері дөңгелек үстелде талқыланды. Сонымен қатар шетелдегі ағайындармен мәдени-рухани байланыс, көші-қон, шетелдегі қазақ жастарының елімізде білім алуы, бизнес, кәсіпкерлік және тағы басқа тақырыптар көтерілді. Шарада айтылған ұсыныстарға сәйкес алдағы уақытта Қазақстан Үкіметінің шетелдегі қазақ диаспорасына қолдау көрсету жөніндегі арнайы бағдарламасы жасалынатынына сеніміміз мол.

Қорытындылай келе, 1992–2017 жылдар аралығында әлем қазақтарының басын қосқан бес құрылтай өтті. Әлемнің қырықтан астам елінде тұратын қандастарымызға қолдау көрсету, жағдай жасау мәселесі Дүниежүзі қазақтары құрылтайларында талқыланып, нақты іс-шаралар қолға алынуда. Қандастарымызға сапалы білім беруде мемлекет тарапынан қолдау көрсету және шетелдегі қазақтардың атамекенге мүмкіндігінше көбірек оралуына жағдай туғызуды басты назарға алуда. Сол мақсатта елімізде арнайы жоспарлар жасалынып, қаржы бөлінді, нәтижесінде І млн қандасымыз атамекенге оралды.

Төрткүл дүние қазақтарының басын қосқан тұңғыш құрылтайдың шақырылуы мен оның тарихи маңызы ерекше. Бұл бас қосу – қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанының белгісі болды.

Г.Б. КОЗҒАМБАЕВА,
Қазақстан тарихы
кафедрасының доценті, т.ғ.к.

Тиімділігі мол тәжірибе

Бүгінгі таңда табысты болудың ең басты факторы білім екені даусыз. Күн санап өзгеріп жатқан дөңгеленген дүниеде замана көшіне ілесіп, бәсекеге қабілетті бола білу аса маңызды. Елбасы атап көрсеткендей, өз түп-тамырыңды сақтай отырып, өзгелердің озық тәжірибесін саралау – табыс кілті. Осы мақсатты алға қойған тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс магистранттары жазда Түркияның ең көне әрі беделді жоғары оқу орны – Ыстамбұл университетінен ғылыми тағылымдамадан өтіп қайтты.



тағылымдама барысында магистранттар аталған кітапханалардың кітап қорымен танысып, ондағы қолжазбаларды қалпына келтіру және сақтау ерекшеліктеріне назар аудардық. Том-том кітаптар мұқият жиналған аса биік сөрелерді аралап жүріп, қызметкерлердің көне мұрағаттарға асқан ыждаһаттылықпен қарайтынын байқадық.

Ыстамбұл қаласындағы Мимар Синан атындағы көркем өнер университетінің оқытушыларымен кездесуде магистранттардың материалдар қорын толықтыра түсті. Мұнда белгілі шоқайтанушы-ғалым, профессор Әбдуқап Қара ғылыми жұмыспен айналысудың қыр-сыры, заманауи тәсілдері мен қазақ тарихы, оның ішінде Түркиядағы және әлемдегі диаспораның кешегісі, бүгінгі жай-күйіне байланысты кеңінен мағлұмат берді. Профессор ғылымға деген шынайы сүйіспеншілікті, өз тарихына, тіліне, дінін

мен діліне, салт-дәстүріне деген құрметті, жауапкершілік пен ізденімпаздықты жоғары бағалайтынын жеткізді. Бүгінгі Түркия білімі мен ғылымы жетістіктерінің кілті де отансүйгіштікте, өз ісіне деген адалдықта және еңбекқорлықта екендігін баса айтты. Ғылымда жетістікке жету үшін тілді игерудің шешуші рөл атқаратындығын да еске салды.

Түбі бір Түркия елінде жинақтаған тәжірибелерімізді тарихи орындарды тамашалаудан алған керемет әсерлеріміз байыта түсті. Осы уақытқа дейін Рим, Византия мемлекеті мен Осман империясының астанасы болған Ыстамбұл қаласына саяхатымыз Қара теңіз бен Мәрмәр теңізін жалғап жатқан Босфор бұғазынан басталып, ірі тарихи ескерткіштер – Аяя-София мұражайы, Сұлтан Ахмет мешіті, Топкапы сарайы, Сүлеймен мешіті, Долмабахче сарайы, Археология мұражайы, Румелихисар камалы, Базилик цистернасы, Галата мұражайы мен мұнарасына ұласты. Әлемге ислам ескерткіштері мен византиялық сәулет құрылысымен аса танымал Ыстамбұл қаласында болу тарих, археология және этнология факультетінің білімгерлері үшін аса пайдалы болды.

Діни мен ділі бір, тілі мен ғұрпы ұқсас елде өткен ғылыми тағылымдамадан түйгеніміз көп. Түркі әлімінің рухани, тарихи-мәдени құндылықтары жайлы көзқарасымыз кеңейіп, зерттеу тақырыбымызға тын серпін бергені рас.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА,
дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының 2-курс магистранты

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы биыл да жыл сайынғы дәстүр бойынша 1-курс студенттеріне арналған көшбасшылық дәрістер легін жалғастырды. Кафедраның белді оқытушы-профессорлары – Ш.Т.Таубаева, А.К.Мыңбаева, А.С.Мағауова, К.С.Құдайбергенова және доцент Р.С.Қасымовалар 1-курс студенттеріне дәріс оқыды.

КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС

Кафедра меңгерушісі п.ғ.д., профессор А.А.Булатбаеваның жетекшілігімен жүзеге асып жатқан шарада «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығып, үздік ұлттық университетке түскен жастарға оқу орнының тарихы мен жеткен жетістіктері, кредиттік оқыту жүйесі, силлабустағы тапсырмалар, студенттің өзіндік жұмыстарын орындау мен тапсыру, жатақханаға бейімделу, академиялық саясат, университет жүйесі, ішкі және сыртқы ережелер, болашақ мамандықтары, сынақ жұмыстарының жүру тәртібі туралы жан-жақты айтып өттік. Қазір қоғамымызда қызу қолдау тауып жатқан Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасымен таныстырып, болашақта ата-дәстүрді бойына толық сіңірген, мәдениетті, білімді, өркениетті, рухани әлеуетке бай ел болып әлемге танылуымыз керектігін түсіндірдік. Студент-жастарымыздың үш тілді жетік меңгеріп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі, сапалы білім алуы, бәсекеге қабілетті маман болу керектігі – кезек күтпейтін міндет екендігін жеткіздік.

Егеменді, тәуелсіз Қазақстан мемлекеті дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Сондықтан студент жастарымыз рухани жаңғыру жолында ұлттық кодты сақтап, тарихы мен мәдениеті тереңнен тамыр тартқан, әлем өркениетіне өзімізді мойындатуда басты бағдар еткен Қазақ Елі – Мәңгілік Ел болатынымыз өздеріне тікелей байланысты екендігін сезінуі тиіс. Университеттегі дәрістер, ғылыми жобалар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, фестивальдер, тренингтік жаттығулар, шеберлік сағаттары студенттік өмірдің қызықты әрі мәнді өтуіне септігін тигізетіні белгілі.

Біз білімді де белсенді ҚазҰУ жастарының Қазақстанның жарқын болашағына өз үлесін қосарына нық сенеміз. Себебі, Қазақ ұлттық университеті – жалындаған студент жастардың алға қойған мақсат-тілектерін ақиқатқа айналдыратын локомотив.

Роза ҚАСЫМОВА,
педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, п.ғ.к.

ҚазҰУ студенттері жеңіске жетті

XI Еуразиялық Kazenergy форумы шеңберінде өткен IX жастар форумының Student Energy Challenge байқауында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Synergy» командасы бірінші орынға ие болды.

Женімпаз командаға «Шелл Қазақстан» компаниясынан 10 000 евро көлемінде сыйлық табысталды. Оған қоса жастар тәжірибелі тәлімгер-сарапшылардың техникалық және бизнес шеберлік кластарына қатысуға мүмкіндік алды.

Қазылар алқасы мүшелерінің арасында норвегиялық Ставангер университетінің еңбек сіңірген профессоры, И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінің Арктикалық мұнай-газ технологиялары институтының ғылыми директоры, ректораттың кеңесшісі Анатолий Золотухин, Каспий құбыр консорциумы бас директорының үкіметпен байланыс жөніндегі орынбасары Қайырғелді Қабылдин, «Самұрық-Энерго» АҚ Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры Серік Түйтебаев, «Шелл Қазақстан» компаниясының қаржы директоры Берт Хазелаар екі күн бойы үш озат команданы іріктенді. Қазақстандағы «Шелл» концернінің

төрағасы Оливье Лазар атап өткеніндей, «Біз Kazenergy қауымдастығымен серіктесе отырып, осы байқауды өткізгенімізді мақтан тұтамыз. Себебі біз энергияның келешегі жастардың қолында екеніне сенеміз. «Student Energy Challenge барысында бізге келіп түскен жобалық идеялардың сапасы өте жоғары болды. Мұның өзі Қазақстан жастарының талантын көрсетеді».

Жарыс барысында байқауға қатысушыларға Қазақстандағы энергия үнемдеу мәселесінің өзектілігі ескерілуі тиіс алты тақырып берілді. Short-list құрамындағы командалар баламалы энергетика және күнделікті тұрмыста энергия үнемдеуді арттыру тақырыбын ұсынды. Құрамында үш-бес адам бар командаларға ғаламдық энергетикалық мәселелерді шешуді ұсынатын өміршен идея әзірлеу міндеті қойылды. Бұл талапты ҚазҰУ-дың «Synergy» командасы жақсы орындап, 20 университеттің 47 командасының ішінен озып шықты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері қазақ тілінің латын әліпбиіне көшу бастамасын қолдау мақсатында флэшмоб өткізді. «Мәңгілік Ел» қақпасының маңына 500-ден астам студенттер жиналып, «LATYN» сөзі мен рухани жаңғырудың ресми логотипін бейнеледі.

ҚазҰУ жастары латын әліпбиіне көшуді қолдайды



Мемлекет басшысы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қазақ тілінің 2025 жылға дейін латын әліпбиіне сатылап көшуін анықтап берген болатын.

ҚазҰУ студенттерінің пікірінше, қазақ тілі дамып, жаһандандудың заманауи үдерістерінен қалмауы тиіс. Латын әліпбиіне көшу тіліміздің өркен жаюына және ақпараттық кеңістіктері

бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Оның енгізілуімен тілді таратудың жаңа коммуникациялық құралдары пайда болып қана қоймай, мемлекеттің беделі де нығая түспек. Бұл өз кезегінде ана тіліміздің еуропалық лингвистикалық ортаға енуін жеделдететін болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

Халықаралық қатынастар факультетінде

«Қазақстанның ядролық қарусыз әлемге жолы» атты халықаралық дөңгелек үстел өтті

Менің елім – Мәңгілік ел

ЖАСТАР ТІЛ МЕРЕКЕСІН ЕРЕКШЕ АТАП ӨТТІ

ҚазҰУ-да «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының ұйымдастыруымен 22 қыркүйек – Тілдер мерекесіне арналған «Бауырсақ party» шарасы өтті.



Кәсіподақ төрайымы Шұғыла Бүрлібаева: «Негізгі мақсат – атамyzдың қанымен дарып, анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді қолдау, қорғау, күні кеше ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кете жаздаған ұлттық құндылықтарымызды түгендеп, жастар арасында дастарханымызға тиесілі дәм дайындауды жаңғырту, халыққа кеңінен дәріптеу», – деп атап өтті.

Мерекелік шарада студенттер мен ұстаздар қауымына бауырсақтар таратылды. Осы мерекеге орай 160 кг бауырсақ әкелінді. Бауырсақтан дәм тату үшін алдымен бір мақал-мәтел немесе қара өлең айту керектігі науқанға ерекше мән үстеді. Студенттер ішінде өзінің білімдарлығымен көзге түсіп, мақал-мәтел айтуда және қара өлең оқуда оқ бойы озып шыққандары да жоқ емес. Шара университет кампусын толық қамтыды. «Мәңгілік ел» студенттер мен түлектер қақпасынан бастап, ректорат ғимаратының және барлық факультеттердің оқу корпустарының алдында бауырсақтар таратылды.

Сондай-ақ университеттің өнерлі жастары шағын мерекелік концерт беріп, шараның шырайын кіргізді. «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының мүшелері белсенділік танытты. Ана тілімізді насихаттап, қазақылықты паш етуде барша факультет студенттері алдарына жан салмады. Қаракөз қыздарымыз ұлттық нақышта киім киіп, мерекенің сәнін келтірсе, шанағына күй тұнған домбыра ұлттық өнерімізбен сусындатып, сұлу саздың сиқырын сездірді.

Айта кетерлігі, бұл – «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының Тілдер мерекесіне орай жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастыратын ауқымды шараларының бірі. Шарада университетіміздің 15 факультеті бой көрсетті. Сол арқылы студенттер тіл мерекесіне салғырт қарамайтындығын және ана тілімізге деген зор құрметтерін білдірді.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,

*философия және саясаттану факультетінің
1-курс PhD докторанты*

университеттің студенті атанғандарын мақтан тұтатынын айта келіп, еліміздің осы жылдың өзінде бірқатар жетістіктерге қол жеткізгеніне тоқталды.

Бірінші кезекте, Қазақстанның жер жаһанда бейбітшілікті насихаттап, бейбітшілік үшін «Сирия» мәселесіне арағайындық болуы – еліміздің әлемдегі соғыс атаулыға қарсы екенін, жер жаһанда тыныштық болып, балалардың, жастардың алаңсыз білім мен тәрбие алуы керектігін көрсетті.

Екінші кезекте, бүкіләлемдік «ЭКСПО – 2017» көрмесін абыроймен өткізуі – Қазақстанды дүниежүзіне танытты және әлемдегі беделінің артуына ықпал етті. Көрмеге әлемнің көптеген елдерінен туристер мен еріктілер келіп, Қазақстанды танып білуі танымалдылығымызды арттырды.

Үшінші кезекте, еліміздің білім мен ғылымда, мәдениетте, спортта, экономикада жеткен толағай табыстары ұшан-теңіз екені айтылып, студенттердің мақтанышын оятты.

Осындай қазақ елімен жастардың мақтанатыны, мақтана отырып отансүйгіш сезімі артатыны белгілі. Елбасымыздың «табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деген сөздері жастарға жігер беріп, жарқын болашаққа деген зор сенім сыйлады.

Ә.Т. МЫЛҚАЙДАРОВ,

*география, жерге орналастыру
және кадастр кафедрасының доценті*

ҚазҰУ көшбасшылық орнын сақтап, заман талабына сай алға қадам басып келеді. Биыл грант саны бойынша төрт мыңнан астам студенттің ҚазҰУ-ды таңдауы сөзімізге дәлел. Шарада студенттер қоғамда талқыланып жатқан мәселелермен қатар, оқу орнының жобаларымен және жетістіктерімен жан-жақты танысты. Студенттер еліміздегі көшбасшы

Жолдауда білім мен ғылымға баса көңіл бөлінген, яғни сананы жаңғырта отырып, биік белестерді бағындыру тұр. Бұл жастарды бәсекеге қабілетті етіп, әлемдік деңгейдегі жетістіктерге жетуге, елімізді көркейтуге үлес қосуға жетелейтіні белгілі. Осындай рухани жаңғыруда білімнің тұрпаты да өзгерді. Бәсекелестік заманында әл-Фараби атындағы

Қазақ тілі – БАЙЛЫҒЫМ



Жастар ана тіліміздің бүгінгі таңның ел сүйер қауымы үшін қаншалықты маңызды орын алатындығымен қатар, ана тілге деген құрметті аскақатуды мақсат етті. Сондай-ақ тәуелсіздігі тұғырлы мемлекетіміздің аясында өмір сүріп отырған басқа да этнос өкілдеріне құрмет көрсетудің қаншалықты маңызды екендігіне де көңіл бөлінді. Тілдер апталығы аясында өтіп жатқан шаралар студенттердің бойындағы елге, тілге деген патриоттық сезімнің артуына септігін тигізеді сөзсіз.

Қасиетті тілімізді кастерлеп, оның маңызының қаншалықты құнды екенін жүрекпен ұғына білу – баршамыздың перзенттік борышымыз деп қабылдаймын. Өз тілінің қадірін біліп, оған жан-тәнімен жаны ашитын азаматтарымыздың тілге деген құрметтік сезімдері ояңғанда ғана қасиетті тіліміздің мәртебесі асқақтай бермек.

А.М. СҰЛТАНОВА,

*әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс
кафедрасының аға оқытушысы*

Биылғы жыл Қазақстан үшін айтулы шаралармен, жетістіктермен ерекшеленуде. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауы мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласынан басталған сәтті жыл Қазақстанды толағай табыстарға бастауда. Осы орайда еліміздегі басты оқиғаларды талқылап, үн қосу мақсатымен № 4 студенттер үйінде доцент Ә.Т. Мылқайдаровтың ұйымдастыруымен география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының 1-курс студенттеріне арналған «Еліммен мен мақтанам» атты тәрбиелік шара өтті.

Жолдауда білім мен ғылымға баса көңіл бөлінген, яғни сананы жаңғырта отырып, биік белестерді бағындыру тұр. Бұл жастарды бәсекеге қабілетті етіп, әлемдік деңгейдегі жетістіктерге жетуге, елімізді көркейтуге үлес қосуға жетелейтіні белгілі. Осындай рухани жаңғыруда білімнің тұрпаты да өзгерді. Бәсекелестік заманында әл-Фараби атындағы

«Тілден артық қазына жоқ, тілден артық қасиет жоқ» деп Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, қазіргі таңда тіл мәселесі қоғамымызда аса өзекті. Қазақ білімінің қара шаңырағы ҚазҰУ-да тіліміздің байлығын, қадір-қасиетін насихаттау мақсатында дәстүрлі түрде Тілдер апталығы өткізіліп келеді. 22 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай ұйымдастырылған шараның өз деңгейінде өтуіне философия және саясаттану факультеті, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының студенттері де атсалысуда. «Әлеуметтану» мамандығының 3-курс студенттері туған тілді ұлықтаған «Қазақ тілі – ана тілім» атты тәрбиелік шара өткізді.

Қазақ тілі – әлемдегі аса бай тілдердің бірі. Бірақ бүгінгі жаһандану дәуірінде қай ұлттың болса да сөзі шұбарланып, бұзылуда. «Бұл мәселе кеңестік кезеңде отарлық құрсауда болған қазақ тіліне де қатысты. Сондықтан әр қазақтың бөгде сөзді араластырмай, ана тілінде таза сөйлей білуі аса маңызды», – дейді шара ұйымдастырушылары. Жастар туған тілге құрметпен қарауға, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту арқылы мәртебесін көтеруге шақырды. Туған тілді дәріптеген шара кафедраның белді ұстаздары, профессорлар – К.У. Биекеновтің, Г.С. Әбдірайымованың, М.С. Садырованың және З.Ж. Жаназарованың қатысуымен жүргізілді.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Жазгерке ҚАРАТАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17

Тел: 8(727) 273-12-04

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана

Тапсырыс: №3024

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.